



№ 21 (1487)
11 маусым
2013 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Өнегелі өмір» атты университеттік сериямен «Көпжасар Нәрібайұлы» атты кітап жарық көрді. Кітапта ғалымның өмірбаяны, басылымдары, фотосуреттері және қызметтестерінің, достарының, шәкірттерінің пікірлері жазылған. Ол жалпы оқырмандарға, ғылым-білім саласындағы қызметкерлер мен студенттерге де арналған.

Көпжасар Нәрібаев экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның қоғам және мемлекет қайраткері ретінде танымал. Ол бірнеше Ғылыми академияның халықаралық мүшесі. Профессор 300 ғылыми жұмыс жазды, оның ішінде 30-ы оқулық және оқу құралдары.

Ғалымның төл университетінде аталып өткен 75 жылдығына арналған жиында құттықтау сөз сөйлеген ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов: «Көпжасар Нәрібаев ғылымның дамуы мен университеттің қалыптасуына үлкен үлес қосты. 10 жылдық еңбегінің ішінде университет айтулы жетістіктерге жетті. Ұлттық жоғары оқу орны статусына ие болып, әлемге әйгілі ойшыл әл-Фарабидің есімін иеленді», - деді.

Ректор академикті мәрейтойымен құттықтап, оған денсаулық, амандық және ұзақ тұмыр тіледі. ҚазҰУ-дың Ғылыми кеңесінің шешімімен, Көпжасар Нәрібаевты оның ғылым мен білім саласындағы еңбегі үшін «әл-Фараби» алтын алқасымен марапаттады.

Көпжасар Нәрібаев: «Туған оқу орнымның қабырғасында ыстық, ықыласпен және құрметпен қабылдағандарыңызға рахмет. Мен үшін ҚазҰУ - менің өмірімнің өте қызықты ері ардақты кезеңі. Осы шыққан кітапқа өз үлестерім қосқан азаматтарға және баршаңызға алғысымды білдіремін», - деді.

ҚазҰУ-дың белгілі тұлғалары туралы жазылған университеттік «Өнегелі өмір» атты сериямен кітап шығаруға ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов ұсыныс білдіріп, қолға алынған еді. Кітаптың алғашқы таралымдары Ө. Жолдасбеітұлы, М. Барманбетов, О. Сұлтанжанов, З. Қабдолов, Т. Көкшәев, С. Зияметов, Т. Аманжол, К. Смаилов, Ә. Нұршайықов және т.б. белгілі тұлғаларға арналып жатыр.

Алина БОДЕНОВА,
журналистика факультетінің 3-курс студенті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Ёнсе (Оңтүстік Корея) университеті жанындағы «Кангнам Северанс» клиникасы медико-диагностикалық орталығын ашу туралы келісімшарт жасасты. Қазақстанның оқу орнына арнайы келген Оңтүстік корейлік делегация іс сапарлары барысында әріптестік және медико-диагностикалық орталығын ашу туралы меморандумға ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов пен «Кангнам Северанс» клиникасы директорының орынбасары Ким Сонг Мун қол қойды.

ҚазҰУ-да Медико-диагностикалық орталығы ашылады

Жаңа орталық өз жұмысын жаңа оқу жылында бастамақ. «Кангнам Северанс» клиникасы орталықты 750 млн теңге көлемінде қаржыландырып, медициналық құрал-жабдықтармен және әлемдік стандарт сапасына сай қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді. Ол - медико-диагностикалық орталығы ҚазҰУ қалашығы аумағында құрылысы жүріп жатқан студенттерге қызмет көрсету орталығында орналасады. «Мұнда оқытушылар мен студенттер заманауи жоғары технологиялық құрал-жабдықтар негізінде медициналық көмек ала алады. Орталықта толық диагностиканы өткен соң, қажет болған жағдайда Оңтүстік Кореяның «Кангнам Северанс»

инновациялық инфрақұрылым құру, ғылымға инвестиция тарту, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өмір тәжірибесіне енгізу талаптары қойылған болатын. ҚазҰУ-да медико-биологиялық кластерді ашу жаңа білімге қол жеткізуге және технологиялық жетістіктерді игеруге, сонымен бірге ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп оларды тәжірибеге енгізуге негіз болады», - дейді ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов.

Алдағы уақытта ҚазҰУ қалашығында 55 мың ш.м. құрайтын заманауи аурухана, ғылыми-зерттеу зертханасы, қажетті инфрақұрылымы бар медициналық орталық бой



клиникасында жеңілдікпен емделе алады. Сонымен қатар Ёнсе университеті ҚазҰУ-дың медико-биологиялық кластеріне маман даярлау бағдарламасына атсалысады», - дейді кездесуде «Кангнам Северанс» клиникасы директорының орынбасары Ким Сонг Мун.

2011 жылдың тамыз айында Корея Республикасының Президенті Ли Мен Бактың Қазақстанға арнайы іс сапарында Қазақстан және Корея Республикаларының денсаулық сақтау министрлері ҚазҰУ базасында медико-биологиялық кластер құру меморандумына қол қойған болатын. Диагностикалық орталық осы жоба аясында іске асырылмақ. Бұл жоба биология және биотехнология факультетінде жұмыс істеп, биомедицина бағытын дамыта түспек.

«Халық денсаулығы және денсаулықты сақтау – бұл елдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін анықтайтын маңызды факторлардың бірі. Елбасының «Қазақстан-2050» Стратегиясында университеттер алдына тиімді

көтермек. Бұл жобаны қаржыландыруға 22,8 млрд. теңге шетелдік инвестиция тартылады. Бүгінде жоба-сметасының құжаттамалары дайындалуда, құрылыс жұмыстары 3 жыл көлемінде аяқталады деп күтілуде.

Жобаның іске асуына Сеул ұлттық университеті, Ёнсе (Оңтүстік Корея) университеті жанындағы «Кангнам Северанс» клиникасы, Корё университеті, Қазақстан, Оңтүстік Корея, Гонконг және Сингапурдың инженерлік-жобалық, құрылыстық және қаржылық компаниялары тартылуда.

«Кангнам Северанс» негізі 130 жыл бұрын қаланған, елдегі заманауи корейлік медицинаның іргетасы болып табылатын батыстық үлгідегі алғашқы медициналық мекеме. Клиника барлық медициналық қызметті көрсетіп, кірістің белгілі бөлігі халықтың әлеуметтік жағдайы төмен топтарының емделуіне бөлінеді.

Жадыра УМБЕТБАЕВА,
журналистика факультетінің 3-курс студенті


БҮГІНГІ САНАА:



ТҰНҒЫШ ДЕКАН
АТЫНДАҒЫ
ДӘРІСХАНА

2-бет


БҮГІНГІ САНАА:



БІРІМІЗ БӘРІМІЗ ҮШІН,
БӘРІМІЗ БІРІМІЗҮШІН!

3-бет

БҮГІНГІ САНАА:



ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРІМІЗДІ
ЖАНДАНДЫРАТЫН
ЖАСТАР МЕКЕНІ

8-бет

Тиімді тәжірибе қарлығаштары



10 маусымдағы кезекті ректорат отырысында сертификат табыстау рәсімі орын алды. Мұнда оқытушы-профессорлар құрамының, қызметкерлердің жетістіктері, студенттерге елеуметтік қолдау көрсету мақсатында атаулы шәкіртақылар ұсыну, өзге де игі шаралар дәстүрге айналғаны белгілі. Бұл жолы Гази университетінің студенттері марапатталды.

Сөз алған мемлекеттік тіл кафедрасының меңгерушісі Анаркүл Салқынбай академиялық ұтқырлық бағдарламасының студенттерге зор мүмкіндік сыйлап отырғанын алға тартты. Түркия елінің тәлімгерлері біздің университетке үлкен қызығушылық танытып келген. Олар ақпан және маусым айлары аралығында филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті, қазақ филологиясы мамандығы бойынша білім алды. Қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты бірнеше пән оқыды. Бүгінде қазақ тілін айтарлықтай меңгеріп, білім қоржындарын қазақ елі жайлы құнды деректермен толықтыра түскен студенттерге университет атынан құрметпен сертификат қоса берілді. Олар: Тамер Йылдырым, Гезде Жөкева, Гөнжегүл Тәңіріберди, Айшегүл Өрсеоглу, Мушереф Чукадар.

Түркия студенттері көңілі дарқан, кең байтақ қазақ жерінен алған әсерімен қазақ тілінде бөлісті. Біздің университеттен өткен шетелдік тағылымдаманың олар үшін қызық әрі пайдалы болғандығын айта келе, ризашылықтарын білдірді.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

Тұңғыш декан атындағы дәрісхана

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде халықаралық қатынастар факультетінің тұңғыш деканы профессор Гүлжауһар Шағатайқызы Жамбатырованың 70 жылдығына арналған еске алу мәжілісі және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылып, осы орайда факультетте тұңғыш декан атындағы дәрісхана ашылды.

Бұл мәжіліске университет басшылығы, Қазақстан Республикасы зерттеу институттары мен аналитикалық құрылымдардың өкілдері, Қазақстан Республикасы Сыртқы Істер Министрлігінің

- деді өз кезегінде доцент Бақыт Бюжеева, Гүлжауһар Шағатайқызының шәкірті-аспиранты.

Гүлжауһар Жамбатырованың еңбектерінің ішінен Қазақстанда халықаралық



өкілдері және факультеттің түлектері қатысты. Халықаралық қатынастар факультетінің төрт үздік студентіне Гүлжауһар Шағатайқызы атындағы атаулы шәкіртақы тағайындалды, алдағы уақытта шәкіртақылар жыл сайын беріліп тұрмақ.

«Факультет басшысы ретінде қыруар шаруадан қолы босамай жатса да, студенттік ғылыми жұмыстарға бағыт беруге, шәкірттеріне ақыл-кеңесін беруге, қамқорлығын танытуға үлгеріп, отбасымен жұмысын үйлестіре білетін»,

қатынастар маман-дығының негізін салу, оған білім беру және ғылыми зерттеу бағытын ерекше атап өтуге болады. Мәжілістің қонақтары Гүлжауһар Шағатайқызының жауапкершілігі, адамгершілігі, тұлға бойында терең білім мен бай мінезді екенін, асқан шеберлігі мен шексіз ізгілігін сонымен қатар халықаралық қатынастар факультетінің негізін қалаушы деп ыстық лебіздерін жеткізді.

ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

ИНДИКАТИВТІ ЖОСПАРДЫҢ

стратегиялық маңызы зор

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ отандық ғана емес, Орта Азия аймағындағы халықаралық білім беру орталығы ретінде әлемдік аренада биіктерден көрінуді мақсат етеді. Сапалы білім беру, ЖОО секторындағы қолданбалы және іргелі ғылымдарға көшбасшылық бағытты бекіту, инновациялық әдістемелерді жүзеге асыру да университет қызметінің мәні мен маңызы екені баршамызға аян. Ал индикативті жоспар аталған бағыттардағы университет даму жолының көрсеткіші болып табылмақ. Кешегі ректорат мәжілісінде биыл үшінші жыл тәжірибеге енгізілген бұл жүйенің – 2012-2013 оқу жылғы нәтижесі қызу талқыланды.

Индикативті жоспардың орындалу барысы жайлы Аккредитация, рейтинг және сапаны басқару жөніндегі орталық директоры Гүлшарат Минажева баяндады. Оның хабарламасындағы статистика индикативті көрсеткіштің нақты орындалуы – факультеттер мен кафедралардың қызмет барысы, жалпы балл көлемі және жұмыс өнімділігі негізінде жасалған. Нәтижелер болса соңғы жартыжылдық мәліметтермен салыстырыла отырылып талданыпты. 2011-2012 және 2012-2013 оқу жылдарындағы кафедралар қарқыны да анық.

Жоспарды атқарудағы факультеттер деңгейі, яғни жұмысы бұл ретте аса маңызды мәселе. Осы орайда оқу-әдістемелік бағыт бойынша – механика-математика, ғылыми-зерттеу бағыты бойынша – химия және химиялық технология, халықаралық байланыс бойынша – халықаралық қатынастар, әлеуметтік бағыт бойынша – биология

және биотехнология факультеті көш бастап тұр. Ал жалпы көрсеткішті есепке алған тұста биология және биотехнология факультеті, өнімділік жағынан журналистика, ғылыми зерттеулер бойынша химия және химиялық технология факультеті алдыңғы орыннан көрінді. Сонымен қатар өткен жылғы нәтижемен салыстыру орын алып, өз позициясын нығайтқан немесе жоғалтқан факультеттер мен кафедралар да атап көрсетілді. Кафедралардың нақты көрсеткіштері де көпшілік назарына ұсынылды. Сондай-ақ орталық директоры индикативті жоспарды толтыруда ОПК – кафедра – факультет жіберген қателіктерді баса айтып, оны мерзімінде толтыруды ескертті.

Университет ректоры Ғалым Мұтанов оқытушы-профессорлар құрамына индикативті жоспарға аса жауапкершілікпен қарауды тапсырды. «Индикативті жоспар – біздің басты стратегиялық көрсеткішіміз. Университеттің өсуі, даму жолы мен қызметінің айнасы. Сондықтан оның дұрыс, дәл әрі әділетті толтырылуына бәріміз мүдделі болуға тиіспіз», – деді ол. Мәжіліс барысында сөз алған бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев университеттегі басқару технологиясының нәтижеге негізделгенін айтты. Басты мақсатқа жетудің тиімді жолы болғандықтан, индикативті жоспарды орындау – әрбір ҚазҰУ оқытушысының қасиетті міндеті болып отыр. Ректорат мүшелері оның маңыздылығын түсіне отырып, жетілдіре түсу үшін өз ойларын ортаға салды.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

www.kaznu.kz
Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінде филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Жоғарғы мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі, аталған факультеттің деканы Қансейіт Әбдезұлының 60 жасқа толған мерейтойына арналған «Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сынының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті.

В КазНУ состоялась церемония вручения стипендий международного Фонда южнокорейской компании ПОСКО (POSCO) им. Дж. Пака. Из числа всех обучающихся в университете были выбраны 20 самых активных студентов.

В 2006 году компания ПОСКО запустила социальную стипендиальную программу лучшим студентам 12 университетов 10 стран Азии. В числе этих вузов и КазНУ и аль-Фараби.

Ежегодно студенты и преподаватели КазНУ проходят обучение и стажировку по программам академического обмена в вузах Ю.Кореи. На разных факультетах казахстанского вуза обучаются студенты и читают лекции профессора из дружественной страны, проводятся совместные научные проекты.

ҚазҰУ-ға Валенсия политехникалық университетінің бірінші проректоры, Хуан Мигель Мартинес Рубио мырза ресми сапармен келді. Хуан Мигель Мартинес Рубио мырза бірнеше факультеттерді, зерттеу және оқу зертханаларын аралап шықты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Валенсия политехникалық университетінің арасында ынтымақтастық туралы келісімнің шеңберінде физика-техникалық факультетінің мамандарын дайындау жүзеге асырылады. Сапардың нәтижесінде механика-математикалық, химия және химиялық технология, биология және биотехнология факультеттерімен білім беру, ғылыми-зерттеу және инновациялық бағытта ынтымақтастықты кеңейту мақсатында нақты қадамдар жасалды.

В целях профессионально-ориентационной работы магистранты факультета географии и природопользования КазНУ побывали в алматинской школе-гимназии №56.

Они рассказали школьникам об учебе в ведущем вузе Казахстана, а также показали экологический фильм «Вода – эликсир жизни на Земле». Учащимся был дан наглядный и открытый урок экологической ответственности и бережного отношения к природе родного края, где участникам встречи были предоставлены сведения о рациональном использовании водных ресурсов.

ҚазҰУ журналистика факультетінің «Қазақ елі» студенттік ғылыми экспедициясы аймақтарда зерттеулер жүргізеді

ДЕНЬ ПАМЯТИ ЖЕРТВ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ

Мы должны помнить об этом во имя будущего, во имя того, чтобы подобное никогда не повторилось.....

В 1997 году, учитывая обращения граждан и общественных объединений страны и в целях увековечения памяти жертв политических репрессий, Президент своим Указом № 3443 от 5 апреля 1997 г. официально установил 31 мая – Днем памяти жертв политических репрессий. Также в соответствии с указом ежегодно в Казахстане должны проводиться различные мероприятия, посвященные этому дню.

Для Казахстана эта дата имеет особый смысл. Так сложилась история, что наша республика стала местом депортации для миллионов советских граждан. Одним из первых законов, принятых в суверенном Казахстане, стал Закон РК от 14 апреля 1993 года «О реабилитации жертв массовых политических репрессий».

Напомним, что в результате жестокой политики по выявлению «врагов народа» пострадали не только репрессированные, и их близкие. В Казахстане с 1921 по 1954 годы по политическим мотивам было репрессировано более 103 тыс. человек и расстреляно свыше

25 тыс., среди них и представители казахстанской элиты: видные деятели науки, культуры, политики.

По разным оценкам, от 2 до 3 млн. человек стали жертвами массового голода, более 1,5 миллиона - бежали из Казахстана, что в общей сложности составило 60-65% всего казахского народа. Казахстан лишился практически всей интеллигенции, отстаивавшей интересы национальной государственности, стал местом депортации сотен тысяч безвинных людей и ссылки других репрессированных этносов, которых наш обездоленный народ спасал от холода и голодной смерти.

Недавно преподаватели кафедры теории и истории государства и права, конституционного и административного права юридического факультета КазНУ под инициативой и руководством заведующего кафедрой Г. Усеиновой провели мероприятия в студенческом общежитии № 18.

На памятный вечер была приглашена ветеран Великой Отечественной войны Максимова Тамара Александровна.

В актовом зале талантливыми студентами 2 курса юридического факультета была подготовлена небольшая концертная программа с песнями послевоенных лет и танцевальными

номерами. Например, Саяту Кусаинову пришлось аж дважды исполнить всем известную песню «Вологда». Весь зрительский зал и Тамара Александровна аплодировали стоя и просили исполнения «на бис».

Стоит отметить, что Тамара Александровна бывший преподаватель КазНУ вместе с мужем в молодости объездила почти весь СССР. Они жили в 16 городах разных республик и трижды возвращались в Алматы. «Скажу честно, нам больше всего нравилось жить в Казахстане. Мой муж Константин Александрович встречался лично с Динмухамедом Ахмедовичем Кунаевым, – поделилась воспоминаниями ветеран, – и он однажды сказал ему: «Я тебя, наверное, никуда не отпущу из Алматы». Но об этом даже не надо было говорить – когда генерал-лейтенант вышел в отставку, он, не раздумывая, вернулся в гостеприимный и солнечный Алматы.

Вечер прошел очень тепло, Тамара Александровна во время беседы рассказывала много интересного, но особенно запомнились речи, о том, как участвовала в обороне Москвы во время Великой Отечественной войны, как работала в госпитале будучи 16-летней девушкой.

В конце хотелось бы привести слова нашей гостьи, которые особенно запомнились студентам: «Нас часто приглашают на встречи со школьниками, студентами, с преподавательским активом и рабочей молодежью, – говорит Тамара Александровна. – И когда рассказываю, что во время войны старшекласники считали честью попасть на фронт, то вижу, какой интерес загорается в глазах молодых. Тогда им говорю, что место для подвига есть и в трудовых буднях. И чтобы стать успешным человеком, в первую очередь, надо знать законы своей страны, особенно Конституцию, и честно их исполнять».

В завершение мероприятия, участники встречи пришли к выводу, что обязательно надо проводить такие встречи, потому что порой не хватает времени просто остановиться, не то, что оглянуться назад. А это необходимо для того, чтобы беречь то, что имеем сегодня.

**И.Э. НУРУЛЛАЕВ,
Г.Г. ТУРЫСБЕКОВА,**
преподаватели кафедры теории и истории государства и права, конституционного и административного права

Студенттік экотренинг

Заманауи зерттеу бағытын ұстанған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультеті, жылуфизика және техникалық физика кафедрасы «Экологиялық орталық» қоғамдық фонды президенті Людмила Рязанованың қатысуымен жақында экотренинг өткізді. Шара барысында студенттердің экологиялық проблемаларға деген қызығарастарын анықтау, экологиялық білімдерін жоғарылату мақсатында презентациялар мен түрлі ойындар жүргізілді.

Бұл кездесу Людмила Рязанованың осы сала бойынша фонд мүшелерінің атқаратын істері, жеткен жетістіктері, қазіргі таңдағы айналысып жатқан жобасы және болашақтағы жоспарларымен бөлісуден басталды. Сонымен қатар еліміздің қазіргі таңдағы экологиялық ахуалын, қоғамның экологиялық проблемаларға деген бей-жай көзқарасының қалыптасуын және осы көзқарасты өзгерту үшін қандай іс-шара қолға алынуы керек сол тұрғысында студенттермен кеңінен ой алмастырды. Студенттер тақырып аясында өздерінің ойымен, тың идеяларымен бөлісе отырды.

Олар «қалдықсыз өндіріс» принциптерін ұстану қажет деген ой білдірді. Осы мақсатта студенттер топ-топқа бөлініп, кезкелген өндіріс – Өнімі - Қалдықтары - Қайта өндеу нәтижесі схемасы бойынша ойын ұйымдастырды. Нәтижесінде өндірілетін өнім қолданғылу мерзімі өткеннен соң оны қайта өндеу процесін жүргізу міндеттілігін студенттер жете түсінді. Тренинг соңында қатысушы студенттерге арнайы сертификаттар ұсынылып, кеш қонағымен естелік суретке түсті.

**Ақмарал ТУРМАХАНОВА,
Алина ҚАСЕН,**
физика-техникалық факультетінің студенттері

**Біріміз бәріміз үшін,
бәріміз біріміз үшін!**



5 маусым – әлемдік қоршаған ортаны қорғау күні табиғатты пайдалану және география, биология және биотехнология факультеттерінің студенттері мен оқытушылары ағаш отырғызып, көгалдандыру жұмыстарын жүргізді.

Бұл акция география және табиғатты пайдалану факультетінің «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ экопаркі» жобасын құру жұмысының жалғасы. Бұған дейін де университет және аталмыш факультет студенттері қаланың экологиялық акциялары мен кіші Алматы өзенін тазалауға белсенді қатысып жүр. Шын мәнінде, қоршаған ортаны қорғау барлығымызға да қатысты. Себеб, табиғат өкінішке орай адамдардың техногендік әсерінен өте жылдам теріс бағытта өзгерістерге ұшырап келеді. Мысалы, табиғатты пайдалану мен география факультеттері студенттері жыл сайынғы Қазақстанның ауа райын алқаптық зерттеудің нәтижесінде температураның жоғарылауын, мұздардың жылдам еру үдерісін анықтады. Бұл жағдай су тапшылығы мен біздің жеріміздің қуаңшылық пен құнарсыздыққа ұшырауына әкеліп соқтырады.

Бүгінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ҒЗИ қызметкерлері экологиялық мәселелерді шешу мақсатында инновациялық және табиғатты қорғау жобаларын жасауда. ҒЗИ 8 зертханасында университеттің ғылыми қызметкерлері мен студенттері инновациялық жобаларды құрастыру және оларды іс жүзінде тәжірибеге енгізумен айналысуда. Үлкен көңіл өндірісті үнемдеу, балама энергетиканы жасау, қауіпсіз химия мен экологияның басқа да сұрақтарына бөлінуде.

Жер – біздің ортақ үйіміз. Оны сақтау және қорғау – барша адамзаттың қасиетті борышы.

Айжан СКАКОВА,
Экология мәселелері ҒЗИ директоры

Оттачиваем мастерство

В стремительно меняющемся мире, который по праву можно назвать «глобальной деревней», информационные потоки буквально сбивают нас с ног, и мы можем легко потеряться в информационном шуме и с трудом найти свою нишу. Как стать настоящими профессионалами, как добиться успеха, отточить мастерство журналиста, как привить вкус к высокой журналистике? Ответить на эти вопросы могут личности, на примере которых хочется учиться.

На факультете журналистики КазНУ учебный год заканчивается не только рубежной и сессией. Каждый учебный год на факультете – это сезон мастер-классов известных журналистов, успешных пиарщиков и бизнесменов с именем таких, как Дмитрий Бациев, Бахытжан Салихов, Эльмира Какабаева, Татьяна Пфейфер и др.

Как продвигать свой медиа продукт в интернете, какие PR-инструменты следует использовать в своей работе блогеру журналисту, каковы особенности подачи новостей на телевидении,

как работают пиарщики крупнейших корпораций мира – вот далеко не полный список тем мастер-классов, организованных в рамках деятельности студенческого научного кружка «InterPress» кафедры ЮНЕСКО, международной журналистики и связей с общественностью.

«На примере состоявшихся журнальных мы можем выстроить себе четкую стратегию достижения успеха. И самое главное, определиться с полем будущей деятельности», – считает участница всех мастер-классов студентка 3 курса факультета журналистики Арайлым Бердикул.

Помимо тренингов, студенты в кружке овладевают практическими навыками создания рекламных, PR- и медиатекстов, навыками фото- и видеорепорта. На этой неделе будут подведены итоги студенческого фотофестиваля, проведенного в прош-лом месяце.

М.Х. АРГЫНБАЕВА,
руководитель студенческого научного кружка «InterPress», к.ф.н.

В свет вышла книга «Көпжасар Нәрібайұлы» из университетской серии «Внегелі өмір», посвященная 75-летию академика

Бұл жолғы өңгіме бір топ қазақстандық профессор-оқытушының шет елдік ЖОО-ларға «Үздік оқытушы - 2011» гранты бойынша іссапары жайында болмақ. Бұған дейін Германия, Австрия және Швейцария елдерінің университеттерінде болып, олардың оқу жүйелерімен толық хабардар болсақ, енді Германияға ғана емес, Франция және Нидерланды елдеріне де жол тарттық. Бұл елдердің оқу жүйесімен және білім ордаларымен жақын танысу, олардың ерекшеліктерін өз көзімізбен көріп, бағалау бізді ерекше қызықтырды. Оның үстіне бұл жолы біздің алдымызда қолданбалы бағытта жұмыс жасайтын зерттеу университеттерінде болып, олардағы зерттеу бағыттары мен жұмыстарының ұйымдастырылу ерекшеліктері, технопарк, бизнес-инкубатор сияқты талай рет естіп жүрсек те, бізге әлі етене таныс емес дүниелерді көзбе-көз көру мақсаты тұрды.

ғасырдың 70 жылдарында ашылған осы елдегі ең жас - Маастрих университетінде болды.

Бұрынырақта Маастрих қаласында көптеген шахталар болған екен, тиімсіз болғандықтан олар кейінірек жабылып қалады да, қалада мамандарды қайта дайындау мәселесі өзекті орын алады. Осыған орай, мамандарды қайта дайындау мақсатында университет ашылады. Бұл университетте қабылдау емтиханы деген жоқ және студенттердің 35%-ы шетелдіктер. Оқу ақылы және

тұрса, департаменттерді ғылыми зертханалар мен оқытушылар және зерттеушілер құрайды екен.

Біз сызықты күшейткіштер зертханасында болып, ол жерде материалдардың қасиетіне радиацияның әсер етуі, радиацияның әсері арқылы рак ісіктерін жою мүмкіншіліктері және т.б. бағыттар бойынша орындалатын ғылыми жұмыстар туралы мәлімет алдық. Барған университеттердің барлығымен екі университет арасында студенттермен алмасу, оқытушылардың

ШЕТ ЕЛ УНИВЕРСИТЕТТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ НЕДЕ?

Біздің алғашқы кездесуіміз Германияның Дюсельдорф қаласынан басталды. Оның өзіндік себебі де бар. Жалпы технопарктың Отаны деп АҚШ қабылданатыны белгілі, оған дәлел Силиконды дала. Осыған қарамастан, Германияда технопарктар өте көп шоғырланған, олардың саны 400-ден асып жығылады және мұндағы 156 технопарк бір Ассоциацияға біріккен. Технопарктердің басым бөлігі осы біз барған Дюсельдорф қаласында орналасқан болып шықты. Ал ең ірі технопарк Дортмундта екен, бұл технопарк бұрынғы металлургия комбинатының территориясы орнына орналасыпты. Германияның қолданбалы бағытта жұмыс жасайтын университеттері қолданбалы ғылыммен ғана айналысады және бұлардың өзіндік қаржыландыру және қолдау жүйелері бар. Айта кететін нәрсе, іргелі ғылым саласы тек қана классикалық университеттердің еншісінде. Қаржыландыру жүйесіндегі ақша университеттің оқытушы-профессорларынан құралған конкурстық комиссияның шешімі бойынша және конкурстық жүйеге сәйкес жас ғалымдардың ғылыми жұмыстарына бөлінеді. Сонымен қатар әртүрлі көрмелер ұйымдастырылып, оған ірі компаниялар шақырылып және көрмеде университеттің соңғы ғылыми жетістіктері көрсетіледі. Соңғы уақытта ғылым технологиясының трансфері өзгерген, қолданбалы зерттеулердің 95-99%-ы әртүрлі компаниялармен, муниципалды ұйымдармен және т.б. біріге отырып орындалады. Қолданбалы саладағы университеттерде қызмет ететін оқытушылардың ішіндегі ғылым кандидаттарының өндіріс саласында 5 жыл қызмет істеген тәжірибесі болуы міндетті, ал ғылым докторларына мұндай талап қойылмайтын көрінеді. Тағы да бір көңіл аударатын нәрсе, профессорлардың әкімшілік жұмыстан толық босатылуы. Студенттердің білімін

қай бағытта және қалай дамыту керек деген мәселелер Сауда палаталарымен біріге отырып талқыланады, әсіресе дуальды (оқыту + тәжірибе) оқыту жүйесіне ерекше көңіл бөлінеді. Мұндай оқыту жүйесі бойынша студент университетте де оқиды, өндіріс орнында да жұмыс істеп тәжірибе жинақтайды, яғни осылайша теория мен тәжірибе тығыз байланысын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқуының соңында студент бакалаврдың дипломына қосымша, өндіріс орны көрсеткен мамандық бойынша квалификацияны да алып шығады.

Жалпы Германияда маман дайындау мәселесіне 640 мыңдай өндіріс орны қатысады, мұндағы мақсат оқушылардың, мейлінше, қысқа мерзімде мамандық алуын қамтамасыз ету. Германияда инженер-мамандар өте тапшы, сондықтан осы мамандық бойынша білім алатын студенттерге жеңілдіктер қарастырылған, атап айтсақ, оларға пайызсыз несие беріледі, егер студент өте жақсы оқыса, ол алған несиесінің жартысын ғана төлейді, ал егер де ол жақсы оқып қана қоймай, өзі жақсы жұмыс тауып орналасса, онда студент өз оқуы үшін алған несиесінің төрттен бірін ғана төлейді.

Біз алдыңғы қатардағы, нөмірі бірінші болып саналатын Рейн-Вестфальдық Аахен университетінде болғанда бұл университетке қабылданушыларға өте қатаң талаптар қойылатынын байқадық. Мұндағы магистратураның үш типін атап айтуға болады: 1) бакалавриаттан кейін бірден жалғастыратын; 2) басқа мамандық бойынша; 3) мамандығы бойынша біліктілігін көтеретін. Үшінші типінде бакалавриаттан кейін 1 не 3 жылдай жұмыс істеп, содан соң магистратураға түсетіндер оқиды. Ал мұндағы оқу жоспарлары жұмыс берушілердің тікелей қатысуымен жасалады екен.

Нидерланды елінің ең ескі қаласы Маастрихта орналасқан және өткен

шетелдіктер үшін жергілікті студенттерге қарағанда қымбаты-рақ. Негізгі акцент оқу сапасы мен оқытудағы лидерлікке бағытталған. Студенттердің ғылыми жұмыстарына өте көп көңіл бөлінеді және оларды коммерциализациялауға ұсынысты арнайы Эксперттік кеңес беретін көрінеді. Студенттердің басым бөлігі оқуларын бітіре салысымен өз компанияларын аша алады (әсіресе, осы университетті IT-мамандығы бойынша бітіре салып компаниялар ашып, жақсы қызмет етіп жатқан бітірушілері көптеп саналады екен) және бұған университет өте үлкен мән беріп, бітірушілерінің бірден практикалық жұмысқа кірісіп, коммерциализация процесіне тез араласып кетуін негізгі мақсат ретінде қарастырады. Биотехнология және материалтану мамандығы бойынша құрылған spin-off компаниялары да көптеп саналады. Университет инновацияларын өндіріске енгізумен тікелей айналысатын технологиялық брокерлердің болуы университетті қосымша құқықтық жауапкершіліктен босататын көрінеді. Университеттің 2 кампусы бар, біреуінде – кітапхана, бизнес-инкубатор орналасқан, ал екіншісі – химиялық өндіріс орнының жанында орналасқан, яғни ашық инновация деуге болады.

Францияның астанасы Париж қаласында 18 университет, 469 қоғамдық лицей мен профессионалдық жоғары мектептер орналасыпты. Біз Paris Sud 11 университетінің d'Orsay – ғылым факультетінде болдық. Бұл факультетте 12000 студент оқиды екен, олардың ішінде шет елдіктер де аз емес көрінеді. Факультет бірқатар департаменттерден



тәжірибе алмасу мүмкіншіліктері сияқты мәселелерді талқылап, болашақта бірігіп қызмет ету жөнінде келісім жасадық.

Әрине, сапар барысында Германия, Нидерланды және Франция университеттерінің біздің қазақстандық университеттермен салыстырғандағы өзіндік ерекшеліктерінің бар екенін, сонымен қатар қайсыбір ұқсастықтардың да бар екеніне көзіміз жетті. Көрген-түйгенімізден қорытынды шығарып, жақсы жақтарын екшеп, тексеріп, үйренетіні болса үйреніп, келіспейтін тұсы болса, оны да аңғаруға тырыстық.

Терезесі тең ел болған соң, алды-артын асықпай аңдап, шешім қабылдау кезінде елестетіп, жақсы-жаманын әбден әрі кешенді түрде зерттеп, өзімізді бар нәрсемен салыстыра отырып, тұжырым жасаған абзал сияқты.

Г.С. МИНАЖЕВА,
Аккредитациялау, рейтинг және сапаны басқару жөніндегі орталығының директоры,
Қазақстан Педагогика ғылымдары академиясының академигі

ІЗГІЛІКТІ ШАРА

Университет көлемінде қазіргі студент жастарды патриоттық, рухани, моральдық тәрбие беру мен ғылыми зерттеуге баулу мақсатында филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінде «Лингвистикалық болжау орталығы (ЛБО)» атты тіл үйірмесі жұмыс істеп келеді.

Тіл үйірме мүшелері ұлттық іс-қимыл жоспарын ғылыми-танымдық ұлттық-этика құндылықтары арқылы жүзеге асыруды басты міндетке алуды көздейді. Білім берудің инновациялығына көшудің негізгі тетігі – жылдам ойлау, тұрақты өзгеріп отыратын ақпараттың мол көлемін тиімді өңдеу және жаңа білім қалыптастыру шөбөрлігіне дағдыландыру. Дамыған мемлекеттерде тілдік ситуацияға және мемлекеттік тілдеріне қатысты лингвистикалық болжау орталықтары ашылған.

Осы негізде «Лингвистикалық болжау орталығы (ЛБО)» жұмысына қатысатын студенттер мемлекеттік тілдің көкейкесті мәселелеріне, қазақ ұлттық өдеби-тілінің ғылыми бағыттарына болжау жасайды.

«Лингвистикалық болжау орталығы» қазақ тілінің болашақта зерттеу қажет ететін мәселе екенін білуге үйретеді. Құрылғанына аз уақыт өткеніне қарамастан студенттердің 70-ке жуық ғылыми мақаласы жарияланды. Олар әр жерде өтіп жататын ғылыми конференцияларға тұрақты түрде қатысып келеді. «Қазақ прозасындағы әйел тағдыры» атты жинаққа 13 студенттің ғылыми мақаласы енді. Бұл атқарылып жатқан жұмыстар студенттерді ғылыми жұмыс жазуға баулу мен тәрбиелеу болса, екіншіден өздері білім алып жатқан саласын тереңірек меңгеруге селтігін тигізеді.

Дина ӘЛКЕБАЕВА,
«ЛБО» тіл үйірмесінің ғылыми жетекшісі

Физика-техникалық факультетінің студенттері «Coca-Cola» зауытына барып, жұмыс барысымен танысты

Әсерге толы екі апта

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті үш жылдан бері шетелдік ғалымдарды шақырып, дәріс оқытуды тәжірибеге ендірді. Бұл – алысқа ұзап шықпай-ақ әлемде жүргізіліп жатқан келелі ғылыми зерттеулермен өз университетімізде танысудың маңызды мүмкіншілігі.

Бар-жоғы екі аптадай уақыттың ішінде орасан зор ақпараттық кеңістікке кірігіп, жан қажетті негізгі ақпараттарды алып, басқа елдердегі ғылыми өмір жайлы белгілі бір ой түюге, өз ғылыми тәжірибемізді басқа елдердегі әріптестер тәжірибесімен салыстыруға мүмкіндік туып отыр. Осы екі аптада өткен кездесулердің барлығы қайталанбас әсер қалдырды. Атап айтсақ, профессор Александровпен өткен кездесу. Ол бізді әлемдік маңызы бар зерттеулердің барлық бағыттары көрініс тапқан жүйелік психофизиологиямен таныстырды. Сондай-ақ Ұлыбританияның өкілі Мэн Чунпен өткен ұмытылмас кездесулер арқылы біз тұлғаны психологиялық қорғауда, өзін-өзі ұстау мінез-құлқын зерттеуде өзіміздің уақыт талабына сай алдыңғы қатарда келе жатқанымызға көз жеткіздік. Осы жылдың 2 мамырынан 14 мамыр аралығында бізді кросс-мәдени психологиясы әлеміне қызықтырып әкеткен Канаданың Гвэлфа университетінің профессоры Сафдар Сабомен болған ерекше кездесуді де айта кетпеске болмас.

Психологияның бұл бағыты, әсіресе, ғаламдану жағдайында, интеграциялық процестерге бағытталған психологияның маңызды салаларының бірі болып табылады. Интеграциялану процесінде әрбір этникалық топ болашақты өзінің мықты жақтарымен көрсетуі керек. Осыған байланысты, жемісті ынтымақтастық жасау мен әлемдік кеңістікке өз үлесін қосу мақсатымен белгілі бір этникалық топтың өкілі ретінде адамның мықты жақтарын ашуға бағытталған кросс-мәдениет психологиясының маңызы арта түседі.

Профессор бізді кросс-мәдени психология әлеміне біртіндеп енгізді: ойлау екшеліктерін қабылдау процесінен бастап, отбасы мәселелерін талдап, балалар мен ата-аналардың қатынасы, гендерлік мәселелер, көшбасшылық және өзін-өзі ұстау мәселелеріне, дене және диалогтық коммуникациялары, әртүрлі халықтардың көші қон және этникалық бірдейлік мәселелеріне тоқтала келіп, әйелдер мен ерлердің саны; этникалық топ, тіл, діни факторлары бойынша бөлінген 1000 адамнан тұратын бір ауылға бүкіл әлемді сыйдырған тамаша әлем картасымен аяқтады.

Оқылған әрбір дәріс – тек жаңа ақпарат ғана емес, елестер мен ойды белсендіретін эмоциялар құйынын тудырушы. Профессор бір мәселеден екінші бір мәселеге біздің ойымызды бағыттауды біліктілікпен басқарып отырды. Осының бәрі оның ойы мен фантазиясының тамаша ойыны бола тұра, зерттеу міндеттерін қою мен мәселелерді шешу тәсілдерін тамаша беруі болып саналады.

Профессор Сафдар Сабоны шығарып салғаннан кейін, біз ұзақ уақыт оның дәрісінен алған әсердің жетегінде жүрдік. Пәкістаннан шыққан тамаша ғалым әйел шығармашылықпен Канада мәдениетіне интеграцияланып, өзін осы елдің ұлтжанды азаматшасы ретінде көрсете отырып, тек өз елінің ғана ғылымын дамытуға үлес қосып қана қоймай, кросс-мәдени психологияның терең қатпарларын бізге да аша білді. Өз сабақтарымызды студенттерге ұсыну, мәселе қою стилдері, білім алушылардың жеке ресурстарын жетілдіру тәсілдері және басқа да көптеген мәселелер бойынша өте құнды тәжірибе алдық. Ол бізге «студенттердің сабаққа қатысуын қалай қамтамасыз ету керектігі жөнінде» өнеге көрсетті.

Құнды ақпараттар мен тәжірибе беретін осындай дәрістерді ұйымдастырғаны үшін университет басшылығына ризашылығымыз шексіз.

Фатима ТАШИМОВА,

психология ғылымдарының докторы,
жалпы және этникалық психология кафедрасының профессоры;

Фарица ӨСКЕНБАЙ,

психология магистрі,
жалпы және этникалық психология кафедрасының оқытушысы



Біз, студенттер, жақында көрнекті жазушы, ақын, қоғам қайраткері, академик Сәбит Мұқановтың мұражайына барған едік. Ол мұражай Алматы қаласы, Мұқан Төлебаев көшесі, 125/3 - үйдің қабатындағы жазушының 8 жыл өмір кешкен 6 бөлмелі пәтерінде ашылған екен. Жол бойы «жазушының

пен орыс жазушысы М.Горькийдің достығын бейнелейтін “М.Горький және С.Мұқанов” атты картинасы да осы залда. Жазушы наградалары - екі Ленин ордені, екі Еңбек Қызыл Ту”, “Құрмет белгісі” ордендері, КСРО медальдары, сондай-ақ, оның Қазақстан Жоғары Кеңесінің депутаттығына бірнеше рет



үйі қандай?» деп толғанып барған біз кіре берістегі Сәбит Мұқановтың ескерткішінің жанында біраз тосылып қалдық та, содан соң бірден жеке бөлмесін көргіміз келіп, алға қадам бастық.

Мұражай қызметкері бізге, алдымен, әдеби бөлмені нұсқады. Жалпы, мұражай үйі екі бөлімнен: әдеби және мемориалдық бөлімдерден тұрады екен. Мұражайдың әдеби бөлімінде жазушының зерттеулері мен сын мақалалары, монографиялары, ҚР ҒА-ның Ш.Уәлиханов атындағы сыйлық дипломы және тағы басқа құжаттары бар. Оның 1922-1935 жылы Ленинградта (қазіргі Санкт-Петербург), Мәскеуде оқыған кезіндегі суреттері мен құжаттары рет-ретімен орналастырылған екен. Мұнда Тәттімбет пен Үкілі Ыбырайдың фото-суреттері де бар. Суретші Ү.Әжиевтің С.Мұқанов

сайланған куәліктері қойылған. Әдеби бөлімдегі түрлі қолжазбалар, құжаттар, фото-суреттер жазушының бүкіл өмір жолынан, шығармашылығынан сыр шертіп тұрғандай көрінді бізге.

Ал мемориалдық бөлім ерекше әсерлі. Қонақ бөлмесі, жұмыс кабинеті, демалыс бөлмелері сол қаз-қалпында сақталған екен. 4 мыңға жуық кітабы бар кітапханасы да осы бөлімде. Шетелдерге барған сапарларынан алған естелік сыйлықтары, сәре толған кітаптар, тұтынған ыдыс-аяқтары, киім-кешектері, яғни үлкен өнер иесінің қарапайым адам ретіндегі тыныс-тіршілігінен хабар беріп, жан дүниесімен жақындастыра түсті. Әйелінің, балаларының суреті, әсіресе жазушы туып-өскен үйдің макеті бізді еріксіз өзіне үңілдірумен болды.

**Айгерім ДАРКЕМБАЕВА;
Перизат БАСЕЛОВА**

гидравлика және гидравликалық құрылғылар зертханасы, сондай-ақ анықтамалық-ақпараттық орталық, гидроболжау бюросы, оқу гидрологиялық бекеті бар. Кафедраның студенттері,

балық аулаумен, әртүрлі қызықты ойындар ойнаумен, кешке көңілді әндер айтумен және езенге шомылумен өткізеді.

Кафедраның шығармашылық байланыстары жоғары деңгейде дамыған. Кафедраның ғалымдары Ресей гидрометеорологиялық институтының, Мәскеудің, Санкт-Петербургтің мемлекеттік университетінің, РҒА су проблемалары институтының және басқа да Өзбекстанның, Қырғызстанның ғалымдарымен тығыз байланыс орнатты. Соңғы кезде кафедра Германия, Ұлыбритания, Қытай және т.б. шет елдерімен студенттер алмасуда, ғылыми жобаларда бірігіп жұмыстар атқарып келеді. Кафедра мүшелері Халықаралық гидрологиялық бағдарлама бойынша ҚР Ұлттық комитетінің жұмысына белсене араласып жүр.

Оқу барысында ғылыми жұмысқа бейімділік көрсеткен үздік студенттер оқуларын магистратурада және PhD докторантурада жалғастыра алады.

**Ж. БЕКСҰЛТАНОВА,
А. АБЖАНОВА,**
метеорология және гидрология кафедрасының 4-курс студенттері

магистранттары және оқытушылары факультеттің компьютерлік кластарында жұмыс жасайды.

Студенттерді дайындау үдерісіне тек теориялық білім беруге ғана емес, сонымен қатар оқу процесі кезінде оқу және өндірістік тәжірибелер кезінде кәсіби машықтану, білімдерін жетілдіру жұмыстарына басты назар аударылады. Оқу гидрометриялық тәжірибе Қазақстанның табиғаты әсем жерлері - Іле өзені, Түрген өзені, Алатау бөктеріндегі өзендер, Қапшағай су қоймасы және т.б. жерлерде жүргізіледі. Практика барысында студенттер гидрометрия пәні бойынша су деңгейіне, су өтіміне бақылау жүргізу, сонымен қатар аймақты топографиялық-геодезиялық барлау жұмыстарын жасауды үйренеді. Студенттер бақылау-өлшеу жұмыстарынан басқа бос уақыттарында

ГИДРОЛОГ БОЛҒАНЫМА МАҚТАНАМЫН

Бүгінде мектеп түлектері ұлттық бірыңғай тестілеуден бағын сынап, болашақ мамандығын таңдап, толқу сәтінде жүр. Осыдан төрт жыл бұрын сол мәселе бізді де мазалаған еді. Біз үшін бұл – аттестаттан дипломға дейінгі уақыт өміріміздегі ең мәнді де, маңызды кездердің бірі болып қалмақ.

Біздің мақсатымыз – өзімізден кейінгі толқынға бағыт сілтеу. Өйткені осыдан төрт жыл бұрын біз гидролог мамандығын таңдаған кезде, ол мамандықтың қыр-сыры бізге өлі бейтаныс болатын.

Гидрологтар қазіргі таңда көптеген мекемеде сұранысқа ие мамандардың бірі. Еліміздегі адам өмірі үшін ең қымбат табиғат байлығы – су гидролог мамандарға сеніп тапсырылған. Гидрологтарға өзендер мен көлдерді зерттеу, оларды ластанудан қорғау, судың

сапасын бақылау, су қорғау шараларын жоспарлау, су қорларын пайдалануға байланысты экологиялық сараптама жобаларын әзірлеу, су нысандарына шаруашылық іс-әрекеттің тигізетін экологиялық зардаптарын болжау істері жүктеледі. Су қорларын пайдалану бойынша кез келген шешім тек қана гидролог мамандардың қатысуымен жүзеге асырылады. ҚР экономикалық және әлеуметтік дамуы гидроэкологияға да байланысты. Аталған мәселелерді шешу үшін жоғары білікті мамандар қажет. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың метеорология және гидрология кафедрасы еліміздің экономикасына тигізетін пайдасы зор осындай білікті мамандарды дайындаумен айналысады.

Кафедраның құрылымында гидрометриялық зертхана және

КазНУ и клиника «Кангнам Северанс» (Республика Корея) открывают в новом учебном году медико-диагностический центр

Еңселі елдің ерен жыршысы –

Бұқар жырау

(1684-1782)



Жыраудың әкесі - Қалқаман батыр болған кісі. Бұқар өзінен Ақдербіс, Жарылғап, Жанта есімді үш ұл болған. Жарылғап ұрпақтарынан Құреке ақын, ғалым Б. Аяпбергенов, т.б. белгілі адамдар шыққан. Жыраудың ата-қонысы – қазіргі Павлодар облысының Баянауыл аймағы болып саналады. Зираты – сол өңірдегі Далба тауының ішінде. Өмір сүрген уақытын жырау мұрасын зерттеген авторлар әртүрліше көрсеткен. Біз, солардың ішінен профессор Х. Сүйіншәлиев еңбегіндегі жырау – 1684-1782 жылдар аралығында өмір кешкен деген деректі қабылдағанды орынды деп есептедік (Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы: Санат, 1997, 341-бет).

Жырау шығармашылығы М. Әуезовтің, С. Сейфуллиннің, С. Мұқановтың, Қ. Жұмалиевтің, Е. Ысмайыловтың, Б. Кенжебаевтың, Х. Сүйіншәлиевтің, Ы. Дүйсенбаевтың, Ш. Сәтпаеваның, М. Мағауиннің, Қ. Мұхаметхановтың, Ә. Дербісәлиннің, Қ. Сыдықовтың, Ж. Тілеповтің, С. Негимовтің, т.б. әр кездерде жарық көрген бірсыпыра ғалымдарымыздың еңбектерінде әралуан қырынан алынып зерттелініп келді.

Кеңестік кезіндегі әдеби шығармашылық таптық тұрғыдан қарастырылып келгендіктен, сол еңбектердің бәріне дерлік «Бұқар жырау Абылай ханның ақылгөйі», сарай жыршысы. «Бұқар жыраудың шығу тегі де, өмірге көзқарасы да сол кездегі үстемдік етуші феодалдық таптың тілегімен ұштасып жатады», - деген секілді пікірлер жиі айтылатын. Және солай айтылуы заңды да болатын. Өйткені тапсыз қоғам құрып жатырмыз, тапсыз қоғам тұсында өмір кешудеміз деп сендірілетін социалистік құрылыс дәуірінде, сол идеологияға имандай сенетін бүкіл елге революциядан бұрынғы заман адамының шығармашылығы туралы, соның ішінде XVIII ғасырдағы қазақ қауымының хал-күйін бүкіл жан-дүниесімен жырлап өткен Бұқар туралы басқаша айту сол кезеңде тіптен де мүмкін емес-ті. Сондықтан да ара-тұра әлгіндей сөздерді айта отырып, жыраудың елінің мүддесі үшін күресе білген кемел ойлы күрескер екендігін елге аңғарту үшін: «Хан, би, сұлтандар өздерін халықтың үстінен қараушы, ел тағдырын шешушіміз деп қаншама көкірегің көтерсе де, өздерін басқалардан жоғары санаса да, күш халықта екендігін Бұқар дұрыс ұғынып, ел билеушілеріне басалқылық айтады... Бұқардың өлеңіне қарағанда (бұл жерде «Ай, Абылай, Абылай... орыспенен соғысып, Басына мұнша көтерген, Жұртыңа жаулық сағынба» деп келетін туындысына орай айтып отыр – Ж.Т.), Абылайдың

тыныштықты көздеген саясаттарының бір тамыр Бұқарда жатқанға ұқсайды. Бұқардың орыспен соғысуға қарсы болуы оның өз кезінде алыстағыны болжампаз адамның бірі болғандығын көрсетеді. Бұқар пікірінің дұрыстығын сол кездегі өмір шындығы анықтап дәлелдей түседі», - дейтін тұжырымдарын ғалымдарымыз сыналап кіргізіп отырды.

Шындап келгенде, С. Сейфуллин айтатын, Бұқарды «Абылай ханның ақылгөйі» дейтін сөз оған берілген өте жоғары баға болатын. Кімге де болса, соның ішінде белгілі адамға ақылшы болу оңай шаруа емес. Ал Абылай сынды XVIII ғасырдың ел билеген кемеңгер ханына ақылгөй атану, ол ілуде бір адамға, үлкен дана, кемеңгер кісіге берілетін баға. Бұл реттегі М. Әуезовтің пікірі де сол деңгейден көрінеді. Ол: «Бұқар жырау Абылайдың жанындағы уәзірі, заман күйін сынға алып, қорытынды айтып, бет нұсқайтын кемел ақылшысы. Абылай ханмен бірге қалың елге де өсиет айтады. Айтатын сөзінің барлығы да күнде қазақ елінің басына келіп тұрған саяси хал, тарихи дәуірге арналады. Ел билеген ұлықтың ішінен шыққан болғандықтан, ақылының көбі елді бастап, билеп жүрген басшыларға, артынан ерген елге арналады», - деп сонау 1925 жылы жазып, 1927 жылы жарық көрген белгілі еңбегінде ағынан ақтарылады.

Қалай болғанда да Бұқар жыраудың тек жеке адамдардың ғана емес, бүкіл ұлыстың, күллі қазақ елінің қамқоршы-ақылшысы болғандығы күмәнсіз. Оған оның елінің мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған барша шығармасы куәлікке жүреді. Бұл ретте ол бүкіл жыраулар әулеті ішінде өле-өлгенше абырой-беделін жоғалтпай, қадірінен айырылмай өткен алты арыс Алаштың аузындағы сөзі, «көкірегіндегі көзі» іспеттес Асанқайғы бабасына өте ұқсас тарихи тұлға.

Бұқар жырау баршы тынысын көзімен көріп шығармасына өзек еткен XVIII ғасырдың қазақ ұлыстары үшін жан жадыратар қуанышты оқиғалармен басталмағаны мәлім. Әйтсе де, халықтың елдік тарихында бұл ғасырдың алар орны айрықша. Өйткені, қазақ қауымы бұл дәуірде атышулы «Ақтабан шұбырынды» сынды қайғылы оқиғаны басынан өткерді. Осы зілзалан қазақтың басына түсірген, сол замандағы Орталық Азиядағы айбарлы мемлекет-жоңғарлармен ширек ғасырдан астам уақыт бойы табан тіресе күресе отырып, оның тарих аренасынан біржола шығып қалған тұсының куәгері болды. Осы халықпен қандас Еділ қалмақтары ата қоныстарына қайтқан тұста олар айқасып бақты.

Ал, осы оқиғалардың барлығы бір-бірімен тығыз байланысты жайлар еді. Өйткені, қазақұлыстарының жоңғарларға қарсы азаттық үшін күресі атышулы «Ақтабан шұбырынды» сынды қасіретті оқиғаның жалғасы, кек қайтару шайқастары болып қана қалған жоқ. Бұл күрес жолында қазақ халқы өзге бір әлеуетті ел тарапынан өзіне сүйенер тірек, дос табуды мақсат тұтты. Ресей, Қытай секілді елдермен араға елшілерін, хабаршыларын жүргізді. Соның барысында тек қатардағы ел қолбасшыларының ғана емес, Абылайдың өзіне байланысты да халық жадында сақталған біраз жайлар болған. Соның бірінде жыраудың Абылайды орыс жұртымен соғыспауға үндей келіп, оны «тұрымтайдай» кезінен бері білетіндігін ежіктей, ара-тұра мұқата отырып «сен жиырма жасқа жеткен соң... Ақсұңқар құстай түледің... қылышыңды тасқа біледің» - дейтіні содан.

Жұмат ТІЛЕПОВ,
Қазақ әдебиетінің тарихы
және әдебиет теориясы кафедрасының
профессоры, ф.ғ.д.

XIV-XVIII ғасырлардағы жыраулар ішінен бүгінгі таңдағы қазақтар үшін Асанқайғыдан кейінгі елге ең танымалы – Бұқар жырау Қалқаманұлы. Оның шығармашылығының кеңінен қарастырылғандығын да, жоғары оқу орындарының оқу программаларына алғашқы болып кіргенін де көзі қарақты жұрт жақсы біледі. Өз жыршының төбәрікке тән жыр мұрасы XIX ғасырда алғаш ұлы ғалымымыз Ш. Уалихановтың, Шоқанның досы Г.Н.Потаниннің, XX ғасырда Қ. Халидовтың, М. Әуезовтің, С. Сейфуллиннің, М.Ж. Көпейұлының ел аузынан жинаған материалдары мен ілгері-кейінді жарық көрген ғылыми еңбектері арқылы халықтық қазынаға айналды.

Бұл тұрғыда заманында көмекейі бүлкілдеп жырмен сөйлегендіктен «Көмекей әулие» атанған «сөзін түгел жазамын деушіге Нұхтың өмірі, Аюптың сабыры, Қарынбайдың байлығы, Аплатонның ақылы керек» (Мәшһүр Жүсіп. Қазақ ауыз әдебиетінің үлгілері. 7-том. Павлодар, 2006. 304-б) деп Бұқар жыраудың көл-көсір еңбегін түгел хатқа түсіре алмағандығына екінші білдіретін ел мұрасының қамқоры М. Жүсіп Көпейұлының еңбегі орасан зор.

Бұқар жыры

*салмақты сөз,
саналы пікір,
арналы ойдың кіндігі*

Бұқар жырау ғасырлар бойы ауыз әдебиетінің мол қазынасын бойына сіңірген, бояуын жоғалтпай жыр-толғауларына арқау етіп әрі жалғастырған әдебиетіміздің атасы дерлік тұлға. Бұқар жыры – салмақты сөз, саналы пікір, арналы ойдың кіндігі.

Бұқар жырау өз дәуірін ғана емес, болашақты да болжай білген сауаты ашық, ақылды дана адам. Ол тек жыр толғап қана қоймай, ел билеуісіне де қабілетті екенін көрсетіп, халық тағдырын шешетін оқиғалар жайында өз пікірін батыл айтқан. Абылай ханның барлық іс-әрекетіне жөн сілтеп, ақыл-кеңес айтып отырған ақылды кеңесші. Жырау халықтың әлсіз, осал жақтарын байқап, бағдарлап отырған. Сондықтан оның ханға арнаған жырлары ханды өз айтқанына көндіруге бағытталады. Абылай хан өзінің құрған мемлекеттік саясатында жыраудың айтқан ақыл-кеңестеріне құлақ асып, оны өз ісіне арқау етіп отырды.

Бұқар қиын өткелден өтер кезде елді басқаратын терең ойлы саясаткер, білімді адам керек екенін ұққан. Ол халықты бірлікке, бүтіндікке шақырып, ақылды саясат жүргізіп, ел бостандығының қамын көздеген. Абылайдың осындай заманда халық алдында абыройының мейлінше биік болуын қадалаған. Өзі ханның беделін көтеріп, оның мәртебелі саяси қайраткер ретіндегі бейнесін, тұлғасын жасап отырған.

Бұқар өз заманының үгітшісі. Ол әділдікке, адалдыққа, адамгершілікке, ата-ана мен бала арасындағы мейірбандыққа, ерлікке, елдікке, бірлікке, шын достыққа үгіттеген.

Бұқар жыраудың толғауларын, жырларын жадында сақтаған халық оның өзінің күнделікті тіршілігіне арқау етті. Сан ғасыр уақыт өтсе де Бұқар жырау жырлары бүгінге дейін халықтың жүрегінде сақталып, мәңгі өшпестей із қалдырды.

Сымбат МҰХАМЕТЖАНОВА,
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 3-курс студенті

Бетті жүргізген ап-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының кітапханашысы Шығар МҰҚАШЕВА

“Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы”

География және табиғатты пайдалану факультетінің «География, жерге орналастыру және кадастр» кафедрасы Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарындағы оқытушы-профессор құрамымен танылған ең ірі ұжымдардың бірі болып саналады. Кафедрада 8 ғылым докторы, 14 ғылым кандидаты және PhD докторанттар қызмет атқарады. Олардың ішіндегі профессорлар: г.ғ.д., профессор Г.Н. Нүсіпова, г.ғ.к., профессор С.А. Құсайынов, г.ғ.д., профессор М.А. Асқарова, э.ғ.д., профессор Ж.Т. Сейфуллин, г.ғ.д., профессор Ш.М. Надыров, б.ғ.д., профессор Ж.М. Мамытов, г.ғ.д., профессор Е.Н. Вилесов, г.ғ.к., профессор А.Т. Темірбеков, а/ш. ғ.д., профессор Е.Ү. Жамалбеков, т.б. кафедраның оқытушы-профессорлары студенттерге сапалы білім және саналы тәрбие беріп, жас ұрпақтың жан-жақты дамуына зор үлесін қосып, өздерінің ерекше қабілеттерімен көзге түсуде.



Географиялық білім алу барысында геоморфология ғылымының маңызы өте зор және өзекті. Кредиттік жүйеге сәйкес «География» пәнінен дәріс беретін ұстазымыз – Қазақстандағы ең ірі геоморфолог маман Құсайынов Сейітқожа Ахмерұлын мақтанышпен айта аламын.

Сейітқожа Ахмерұлы 1954 жылы Ұлттық университетіміздің геология-география факультетіне оқуға қабылданып, 1957 жылы студенттердің шетелдермен білім алмасу бағдарламасы бойынша Қытай еліндегі Пекин университетіне ауыстырылады. 1961 жылы қытай тілінде география пәнінен диплом қорғаған алғашқы қазақ мамандарының бірі болды. Алғашқы ғылыми зерттеулерін Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Қ.И. Сәтбаев атындағы геология институтында бастады. 1978 жылдан бүгінгі күнге дейін киелі ҚазҰУ шаңырағында дәріс оқып, жастардың ғылыми ізденістеріне дұрыс бағыт-бағдар беруде.

Профессор С.А. Құсайыновтың мемлекеттік тілде жазылған оқулық және оқу құралдарының ерекшеліктері геоморфологияның қыр-сырларын игеруде география және табиғатты пайдалану

факультетінде дәріс беру тәжірибесіне сүйене отырып, геоморфология саласындағы көп жылдар бойы жүргізген зерттеулері нәтижесінде жазылған. Сонымен қатар шетел әдебиеттерін, соның ішінде орыс, ағылшын, қытай және неміс әдебиеттерін автордың өзі қазақшаға аударып, сараптау сүзгісінен және ой елегінен өткізіп қайта өңдеп қолданды. С.А. Құсайыновтың «Қазақ университеті» баспасынан жарық көрген «Жалпы геоморфология», «Неотектоника», «Төрттік геология» атты еңбектері қазақ тіліндегі алғашқы еңбектер болып табылады. Үстіміздегі жылда Қазақстандағы геоморфология ғылымының іргесін қалаушылардың бірі профессор М.Ж. Жаңдаевтың «Өзен аңғарларының геоморфологиясы» атты монографиясын орыс тілінен мемлекеттік тілге аударып, «Қазақ университеті» баспасынан шығарды.

Әл-Фараби атындағы Үлкен күміс медалінің иегері, «Білім сардары» сыйлығының лауреаты, профессор С.А. Құсайынов – шәкірт тәрбиелеуде орны ерекше ғылым.

Баян ШЕҢГЕЛБАЕВА,
география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының 2-курс студенті

Жуырда филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінде «Жерұйық» ономастикалық өлкетану клубының мүше студенттерінің Аймақтарымен «Жас ономаст» атты студенттер конференциясы өтті.

«ЖАС ОНОМАСТ»

Бұл конференция клуб мүшелерінің біржылдық зерттеуінің қорытындысы іспеттес. Тағы бір ерекшелігі мұнда 1 және 3-курс студенттері топтық баяндама жасады. Олардың ішінде үздік шыққан баяндамашылар: Асан Алиев (I орын), Мұхит Мұхамбеткерім және Айтолқын Сұлтанғазина (II орын), Ақжан Аблақатова, Ақжанар Қуанышева және Бақыт Қордабай (III орын).

Конференцияға төрағалық еткен Г.Б. Мәдиева баяндамаларды бағалай келе, «Қазіргі кезде ұлттық ономастика жай тарихи-мәдени мұра ғана емес, сонымен қатар қоғамдық-саяси маңызды мәселе болып отыр. Туған өлкеміздегі жер-су, елді мекен, тұрмыстық атаулардың дәуірлерде қандай өзгерістерге түскені бізге тарихтан белгілі. Біз бүгін осы конференция арқылы ономастиканың шығу тарихына тереңірек үңіліп, онда үлкен сыр жатқанына көз жеткіздік.

Ендеше тақырып аясында атаулардың тілдік бірлікте түскен ерекшеліктеріне, оның себебі мен салдарына тереңірек үңіліп, қоғам аясына жеткізу керек», – деп өз пікірін білдірді.

Білімгерлердің айтуынша, олар үшін жүргізілген ғылыми зерттеулер үлкен қызығушылық тудырған. Шараның арқасында туып-өскен өлкеміздің, елді-мекен, көше атауларының мағынасына мән бере бастадық», – дейді олар. Осылай ономастиканың түрлі салаларында атаудың шығу тегі мен қойылуында жергілікті халықтың тарихы мен оның ғасырлар бойғы тірліктің тынысы, әдет-ғұрып, салт-санасы ана тілімен тығыз бірлікте дамығандығына тағы да бір көз жеткіздік.

Гүлсара БАЙЖАНОВА,
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 4-курс студенті

40 жылдан соң...

Иә, осыдан тура 40 жыл бұрын 1973 жылы маусым айында С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дың (қазіргі әл Фараби атындағы ҚазҰУ) филология факультетін бітірген едік. Кешегі жап жас түлектер, бүгін самайларын қырау шалған, туған еліне еңбектері сіңген майталман мамандар туған университетіне сағынышпен шілде айының 5 күні кездесуге жиналмақ.

Осынау қасиетті қара шаңырақта тәлімді дәріс берген ұстаздарымыз – М.Балақаев, К.Аханов, Ы. Маманов, А.Дәулетова, М.Фабдуллин, Б.Шалабаев, Б.Кенжебаев, З.Қабдолов және араларында жап-жас болып дәріс оқуға келген М.Томанов, М.Серғалиев пен Рымғали ағайларды мәңгілік ұмытпаймыз. Шәкірттеріңіз Сіздерді сағынады... Көз көрген ұстаздардан ұстазымыз Тұрсынбек Көкішев ағайды жиындарда көріп, қуанып қаламыз. Аман сау жүре берсе екен деген тілек. Сондай-ақ бесінші курста «жалпы тіл білімінен» дәріс оқыған Элеонора Сүлейменова... Көрген сайын олар жаққан алаудың жылылығы сезіледі.

«Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы». Менің курстастарым – «ҚазГУ-ді бітірген» деген атақты биік ұстаған

Көбіміздің алғашқы курс түгіл соңғы курстарда да орысшамыз оңып тұрғаны шамалы еді. Соған қарамастан Олжас Сүлейменовтің орысша өлеңдерін сахнада құбылтып оқитын Болат Баймұханов – филология ғылымдарының кандидаты, білуімше, қазір Ақтөбеде білім беру саласында қызмет атқарады. Сонау шығыста, Өскеменде облыстық қазақ журналистикасының шамын жағып, шырақшысына айналған асықпайтын ақылды Айтан бар. Оның сабырлы, сырбаз мінезі кандидаттық жұмысын жазып жүргенде де бағдаршам болғанын білемін.

Біздің курс, 1968-1973 жылдары білім алған студенттер, ұстаздарымызға мәңгілік қарыздармыз. Олар сепкен білім дәнін айрықша



түлектер. Романтикаға бейім филологтың жан дүниесі соншама нәзік, сыршыл, ақынжанды болып келетіні шындық. «Қиын да ұзақ сапарға шықтым жыр қуып» деген ақын Қатира Жәленова – бірнеше жыр жинақтардың авторы. Қазір өзі айтатын «Сырдың елі – жырдың елінде» ақындықтың алтын сарайын өлеңімен асқақтатып, мықты лирик ақын атанды. Шәкір Ибраев – филология ғылымдарының докторы, профессор, қазір Халықаралық Түркі академиясының президенті; Бекен Ыбырайымов – филология ғылымдарының докторы, профессор, қазір Жамбылтану және халықаралық ғылыми зерттеу институтының директоры; Бақтияр Сманов – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, қазір Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аппарат жетекшісі. Керемет күйші Айман Алдашева – ф.ғ.д., профессор, қазір Ұлттық қауіпсіздік академиясында қызмет етіп жүр. Ақ жарқын мінезімен жүрген жерін әнге бөлейтін Үміт Уақбаева – психология ғылымдарының кандидаты, доцент, қазір Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің психо-логия кафедрасында оқытушылық қызметте. Қазақ әдебиетіндегі толғау жанрын алғаш зерттеген ғылым докторы Болатжан Әбілқасымов, әттең, өмірден ерте озды.

күтіп баптап, тамырландырған шәкірттері ғылым айдынында көріне бастады. Бір курстан шыққан 7 ғылым докторы мен 3 ғылым кандидаты ауыз толтырып айтатын жетістік емес пе! Біз бірге оқыған курстастарымызбен мақтанамыз! Жарты ғасырға жуық уақытта курстастардың әрқайсысының жетістіктері бір-біріміздің мәрте-бемізді көтерді, мерейімізді үстем етті. Жақында Қазақстан халқы ассамблеясының 20 жылдық мерекесінің кезекті мәжілісінде курстасымыз Тұяқ Есхожинаның Елбасының өз қолынан мемлекеттік марапат «Бірлік» медалін алып жатқанын көріп, қуанып қалдық. Ол кезінде өз қаржысымен балалар үйін ашты. Бүгінде көпке үлгі Тұяқтың мейірімімен жетілген балалардың алды ержеткен.

Кім қай кәсіппен айналысса да, бәрінің мерейлері үстем болды. Әсіресе, жас өрендерге білім мен ізгілік шамшырағын жаққан курстастардың атағы мен даңқы бір төбе. Елімізге сіңірген еңбектері туралы әр жылдары біле жүріп, марапаттарына қуанып, игілікті істеріне сүйсіндік. Курстастар өлемі – бір-біріне амаңдық тілеген, тамыры тереңге кеткен мәңгі жасыл алып емендер екен.

Гүлдархан СМАҒҰЛОВА,
профессор

Мамыр айында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың алаңында университет алтыбақанының ашылу салтанаты өтті



Ұлттық дәстүрімізгі жандандыратын жастар мекені

«Алтыбақан аясында ару бойжеткен, Қыз-бозбала кең даланы өнмен тербеткен», – деген әсем әнге арқау болған, қыз-жігіттер тербеле ән салған алтыбақан жуырда ҚазҰУ қалашығында заманға сай жасалып, орнатылды. Ашылу салтанатына университетіміздің ректоры Ғ. Мұтанұлы және ҚазҰУ жастары қатысты.

ҚазҰУ кешеніндегі бұл алтыбақан Алматы үшін қаланың көрікті жерлерінің қатарын толықтыра түскендей. Алтыбақан орналасқан алаңды жастар өз арасында «ғашықтар мекені» деп атап үлгерді. Талай тағдырларды тоғыстырған ҚазҰУ қалашығы жас ғашықтардың кездесу орнын осылайша көркейтпін келеді.

Алтыбақан ҚазҰУ жастарының кешкілікте бас қосып, халық аспаптарының сүйемелдеуімен ән салатын, айтысатын, әзіл-оспақ, назды күлкісімен көпшілік болып көңіл көтеретін ойын-сауық орны болмақ. Ұлттық ойын болғанымен, алтыбақанның салт-дәстүрлік маңызы одан гөрі жоғары. Бұл жастардың өнерін, ойын, көзқарасын, танымын қалыптастыруда зор тәрбиелік қызмет атқарады. Осы ретте, ҚазҰУ жастары университет басшылығына зор алғысын білдіреді.

Айзада ЖОЛДАСОВА,
“Сұңқар” студенттер
кәсіподағы мүшесі

Имидждік жұмыс – он-лайн режимінде

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Студенттер контингентін қалыптастыру үдерісіндегі имидждік жұмысты нығайту мәселелері туралы» қаулысына сәйкес, география және табиғатты пайдалану факультеті, рекреациялық география және туризм кафедрасы ҚР Павлодар қаласының №24, Тараз қаласының №35, Шымкент қаласының Ш.Айтматов атындағы №46, Құлсары қаласының Д. Жазықбаев атындағы №16 және Батыс Қазақстан Облысының Тасқала ауданының С.Ш. Жақсығұлов атындағы орта мектептерімен жақында он-лайн режимінде кездесу өткізді.

Кездесу барысында сөз алған факультет деканы В.Г. Сальников мектеп оқушыларына әл-Фараби атындағы ҚазҰУ туралы жан-жақты мағлұмат берді. Ал өз кезегінде кафедра меңгерушісі А.М. Артемьев мамандықтың қыр-сыры туралы оқушыларға кеңінен айтып берді. Оның ішінде кафедраның соңғы жетістіктері, Дүниежүзілік туристік ұйымның TedQual туристік білім беру сапасының сертификатын иеленгендігі, толық үш сатылы білім беретінін, оқыту қазақ, орыс және ағылшын тілінде жүргізілетіні туралы айтылды. Он-лайн режимінде кафедраның білім беру және оқу-өндірістік тәжірибелері туралы

түсірілген бірнеше слайд-тұсаукесер мен видео-роликтер көрсетілді. Оқушылар тарапынан қойылған көптеген сұрақтар олардың қызығушылығын көрсетті. Кафедра оқытушылары сауалдарға толыққанды жауап берді.

Осындай он-лайн режиміндегі имидждік жұмыстар республикамыздың шалғай жатқан аймақтарындағы мектеп оқушыларына университет туралы мол мағлұмат алуға және мектеп оқушыларының болашақ мамандықтарын таңдауға септігін тигізетіні сөзсіз.

А.А. ЖАКУПОВА,
рекреациялық география және
туризм кафедрасының доценті

Жил меңгерудегі тиімді тәсіл

Клуб ұйымы жастармен жұмыста ұтымдылығын дәлелдеп отыр. Солардың бірі «English Club» ғылыми студенттер үйірмесі кафедралық жемісті жұмыс істеп келеді. Бүгінгі күнде шет тілдер кафедрасында «Ағылшын ән әуесқойлар клубының» жұмысын жолға қойдық. Мақсатымыз – ауызша тіл жетілдіру, тіл байлығын тереңдету үшін орта құру, сонымен қатар студенттер шығармашылығына қолдау білдіру.

Танымал әндерді көптеп үйрену, зерделеу ағылшын тілін меңгеруде зор көмек. Ән арқылы студенттер сөздерді жаттап қана қоймай, тілге тән грамматикалық құрылымдарды, ағылшын тіл байлығының көрсеткіші – идиомаларды, күрделі салыстырмалы шырайларды, тұрақты сөз тіркестерін үйренеді. Сондай-ақ ән мәтінін әртүрлі штаттардың мәдениетін тану құралы ретінде де пайдаланамыз. Бастапқы кезде біз оқулық әндерін пайдалансақ, кейін студенттердің ұсынысы бойынша заманауи әндерді үйрендік.

Қараша айында өткен клубтық таныстыру кешінде бірнеше әнді дайындаған болатынбыз. Көрермендер жылы қарсы алды. Көбі клубқа мүше болуға

тілек білдірді. Ал сәуір айында есеп беру кешін өткіздік. Сонымен қатар мамыр айы мейрамдарында «Айналады нұрландыр» жобасының шеңберінде филология, әдебиеттану және әлем тілдер факультетінің №17 Студенттер үйінде концерт бердік. Заң факультетінің және ЭЖБЖМ студенттері тіл білімі мен өнерлерін паш етті. Көрермен жастар да қазақша ән айтып, тосын сый тартты. Ән бірлестірді, ән жігерлендірді. Студенттер клуб жұмысының тілді меңгеруде зор көмек екенін айтып, ризашылығын білдірді.

С.З. СЕРИКБАЕВА,
Г.А. ОРАЗАЕР

Ағылшын ән әуесқойлар клубы

Мы – за здоровый образ жизни!

В КазНУ воспитательная работа имеет не меньшее значение, чем образовательная, и является частью единого учебно-воспитательного процесса. Главной целью её является подготовка конкурентоспособного специалиста с высшим профессиональным образованием, обладающего качествами и свойствами, востребованными в условиях рынка, способного ставить и достигать лично значимые цели, способствующие развитию экономики нашей страны. Целенаправленная работа по адаптации первокурсников, выявлению их интересов, творческого потенциала и способностей является важным механизмом воспитательной деятельности вуза. Поэтому очень важное значение имеют общественно-значимые мероприятия по приобщению студентов к нормам вузовской жизни. В этом направлении на кафедре иностранных языков естественных факультетов во главе с заведующей кафедрой А. Мулдағалиевой и зам. зав. по воспитательной работе Ш. Гумаровой проводится большая работа.

Одним из основных направлений воспитательной работы в университете является пропаганда здорового образа жизни, профилактика и борьба с курением, наркозависимостью, «дурными» привычками.

Совместное мероприятие «Здоровый образ жизни», проведённое английским

клубом и немецким – «Deutsch im Herzen», было посвящено этой теме. Программа включала разнообразные формы: песни, стихи, танцы, скетчи, слайд-шоу, краткие доклады студентов на немецком, французском, английском языках и др.

КазНУ является спортивным лидером среди казахстанских вузов неспортивного направления. На факультете биологии и биотехнологии по специальности «Физическая культура и спорт» учатся студенты, имеющие высокие спортивные достижения по разным видам спорта. Они защищают не только честь своего университета, но и страны на спортивных соревнованиях разного уровня. Среди тех, кто защищает спортивную честь республики, есть и девушки. Казалось бы, эти на вид хрупкие и нежные создания, оказываются так сильны духом и телом, что добиваются таких больших успехов в спорте.

В завершение, хотелось бы сказать, что проблемы, связанные с употреблением алкоголя, никотина, наркотиков, перестали быть сегодня медицинскими или моральными проблемами только отдельных лиц. Они затрагивают здоровье, благополучие и безопасность всех и каждого, и прежде всего подрастающего поколения.

Кульшат ЖИРЕНШИНА,
Шолпан ГУМАРОВА

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА
Беттеуші – Айжан ЖАҚЫПОВА
Фототілшілер: Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ, Асқар ТАМАШ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
“Бизнес Информ” баспаханасында
(Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 10574

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.